



Жобаны Еуропалық
Одақ қаржыландырады

ҰХДБИ



INSTITUTE FOR
WAR & PEACE REPORTING



ИНСТИТУТ РЕПОРТАЖЕЙ ВОЙНЫ И МИРА

Мектептердегі психологиялық қызметтер мен психологиялық қолдау орталықтарының және құжаттарды кабинеттік талдау жұмысы аясында Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды мониторингтеу нәтижелері негізінде

POLICY BRIEF

«Бұл жарияланымды Еуропалық Одақ қаржыландырды. Оның мазмұнына тек IWPR жауапты және ол міндетті түрде Еуропалық Одақтың көзқарасын білдірмейді».

Автор туралы

Айтмағамбетова Марал — филология ғылымдарының кандидаты, медиалық және ақпараттық сауаттылық бойынша өңірлік сарапшы, медиа, білім беру және адам құқықтары саласындағы зерттеуші. Педагогикалық және зерттеу тәжірибесі – 22 жыл. Сын тұрғысынан ойлау, медиасауаттылық, өшпенділік тілі және цифрлық құқықтар тақырыптарындағы 10-нан астам білім беру және зерттеу курстарының авторы және бірлескен авторы (Internews, IWPR, UNESCO IITE, ЕҚЫҰ).

Just Support жеке қоры туралы

Just Support жеке қоры – балалар, жасөспірімдер және отбасылардың психологиялық әл-ауқатын қолдау мен зорлық-зомбылықтың алдын алу саласында жұмыс істейтін қазақстандық коммерциялық емес ұйым. Қор білім беру және адвокациялық жобаларды іске асырады, травмаға бағдарланған көмекті дамытуда, сондай-ақ баланың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді. 2018 жылдан бастап Just Support ғылыми тәсілді, ағартушылықты және жүйелік өзгерістерді біріктіре отырып, отбасылармен, педагогтармен және мамандармен кешенді жұмыс жүргізіп келеді. Қордың жетекші жобасы – **Антибуллинг қауымдастығы**, оған Қазақстанның 9 өңірінен 30-дан астам сарапшы кіреді және ол білім беру ұйымдарында қауіпсіз орта қалыптастырумен айналысады.

IWPR туралы

IWPR (Соғыс пен бейбітшілікті баяндау институты) қақтығыс, дағдарыс немесе өтпелі кезеңдегі елдерде жергілікті халықтың дауысын күшейтіп, оң өзгерістерге жол ашады. Жеккөрушілік тіл мен үгіт-насихат белең алып, журналистер мен азаматтық белсенділер шабуылға ұшыраған кезде, IWPR сенімді ақпарат таратып, қоғам үшін маңызды қоғамдық пікірталастарды қолдайды. Жаңа жалған ақпарат түрлері әлеуметтік араздықты күшейтіп, цифрлық қауіпсіздікке қатер төндіріп, журналистерге шабуылдарды жиілетіп жатқан қазіргі заманда IWPR-дың жергілікті дауыстарды қолдау миссиясы бұрынғыдан да маңызды бола түсті. IWPR-дың негізгі қызметі – журналистер мен азаматтық қоғам өкілдерінің қауымдастықты ақпараттандыруына, ағартуына және жұмылдыруына мүмкіндік беру арқылы сенімді, бейтарап ақпарат ағынын күшейту. IWPR қоғамның өз шешімін өзі табуына көмектеседі, есептілік, сөз бостандығы және адам құқықтары үшін репортаж жасау мен адвокаттық қызмет жүргізу қабілетін арттыру арқылы жергілікті әлеуетті нығайтады.

Еуропалық Одақ туралы

Еуропалық Одақ – Еуропаның 27 елінен тұратын экономикалық және саяси одақ. Ол – адамның қадір-қасиетін құрметтеу, бостандық, демократия, теңдік, заң үстемдігі және адам құқықтары, соның ішінде азшылық өкілдерінің құқықтарын құрметтеу құндылықтарына негізделген. Қоғам, қоршаған орта және экономиканың тұрақты дамуына жәрдемдесу үшін әркімнің пайдасына орай жаһандық деңгейде әрекет етеді.



Ысқартулар тізімі (аббревиатуралар мен терминдер)

ҚР БП ҚСЖАЕК	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті
ОАМ БҚҚК	Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті
КЖ	Кешенді жоспар
ҚР	Қазақстан Республикасы
ПҚО	Психологиялық қолдау орталығы
МП	Мектеп психологтары

Қазақстан мемлекетінің саясаты үшін де, жалпы білім беру жүйесі үшін де басымдық беретін ел. Алайда, [ЮНИСЕФ деректеріне сәйкес](#), Қазақстанда 2 жастан 14 жасқа дейінгі әрбір екінші бала отбасында тәртіптің зорлық-зомбылық түрлеріне ұшырайды. Оқушылардың үштен екі бөлігі мектеп қабырғасында оқушылар немесе мұғалімдер тарапынан зорлық-зомбылыққа немесе кемсітушілікке ұшырайды немесе куә болады. Мінез-құлқында қиындықтар бар балаларға арналған интернат мекемелері мен мектептерде зорлық-зомбылықтың жоғары деңгейі байқалады. Қосымша алаңдаушылық тудыратын мәселе – жасөспірімдер арасындағы суицид жағдайы. ҚР БП ҚСЖАЕК деректері негізінде [Ranking.kz](#) ұсынған шолу бойынша 2023 жылы Қазақстанда кәмелетке толмағандар арасында аяқталған суицидтер саны 2022 жылмен салыстырғанда 30% -ға өсті. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша, 2024 жылы кәмелетке толмағандар арасындағы аяқталған суицид жағдайлары азайып, 175 оқиғаны құрады, ал 2023 жылы бұл көрсеткіш 204 оқиға болған. Алайда, суицидке әрекет жасау жағдайларының жалпы саны, керісінше, артты: 2023 жылғы 376 оқиғадан 2024 жылы 453 оқиғаға дейін өскен. Бұл статистика жүйелі әрекет етудің, алдын алу шараларына инвестиция салудың, психикалық денсаулықты қолдаудың және көмек көрсету қызметтеріне сенімді арттырудың қажеттігін көрсетеді.

Буллинг проблемасы жүйелі болып қалатын жағдайларда қолданыстағы қорғау шаралары мен тетіктерінің архитектурасын қайта бағалау қажет. Осы жағдайларға жауап ретінде Қазақстан Республикасы Үкіметі Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекітті (2023 жылғы 31 тамыздағы №748 қаулы). КЖ сәйкес, балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, барлық түрдегі зорлық-зомбылықтан сақтау және аутоагрессивті мінез-құлықтың алдын алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының ресми түрде танылған басымдықтары болып айқындалды.

¹ <https://ranking.kz/reviews/socium/za-posledniy-god-kolichestvo-samoubiystv-sredi-podrostkov-vyroslo-pochti-na-tret.html>

Кешенді жоспарды іске асырудың негізгі шаралары мыналар: зорлық-зомбылықты, жәбірлеуді (буллинг), кибербуллингті ерте анықтау және оларға көмек көрсету әдістемесін әзірлеу; өңірлерде Психологиялық қолдау орталықтарын (ПҚО) құру; ІІІ байланыс орталығын іске қосу; мектептерде антибуллингтік бағдарламаларды және жеке қауіпсіздік сабақтарын енгізу. Кешенді жоспар шеңберінде мектептердің психологиялық қызметтеріне көмек көрсету және балалар мен олардың отбасыларына кеңес беру үшін инфрақұрылымдық және мазмұндық база ретінде әрекет ететін Психологиялық қолдау орталықтарын құру басталды. БҚКК-нің ресми деректеріне сәйкес (2024 жылғы қараша айындағы жағдай бойынша), ПҚО-да 468 маман жұмыс істесе, 2025 жылғы ақпан айындағы «Өркен» Балалар әл-ауқаты ғылыми-практикалық институтының ақпараты бойынша бұл көрсеткіш 595 маманға жеткен. Елімізде зорлық-зомбылық пен буллингтің алдын алу жүйесінде өңірлік тораптар қызметін атқаратын барлығы 20 Психологиялық қолдау орталығы жұмыс істейді.

Кешенді жоспарды іске асыру аясында бірқатар ведомстволық нормативтік құжаттар әзірленіп, енгізілуде. Кабинеттік талдау барысында оқу-ағарту, денсаулық сақтау, мәдениет, цифрлық даму және ішкі істер министрліктері қабылдаған 13 негізгі акті зерделенді. Кабинеттік талдау барысында оқу-ағарту, денсаулық сақтау, мәдениет, цифрлық даму және ішкі істер министрліктері қабылдаған 13 негізгі акті зерделенді. Негізгі құжат 2023 жылғы желтоқсандағы №742/515/531-КК/386/917 бірлескен ведомствоаралық бұйрық болып есептеледі, аталған бұйрықта зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге (буллингке), кибербуллингке ұшыраған немесе оған куә болған кәмелетке толмағандарды ерте анықтау және оларға көмек көрсету алгоритмі бекітілген. Бұйрықта мектептің, полицияның, КҚО-ның, қорғаншылық және денсаулық сақтау органдарының іс-қимылын бірыңғай жүйеге байланыстыруға әрекет жасалған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің балаға қатысты буллингтің (қорлаудың) алдын алу қағидаларын бекіту туралы бұйрығымен бірге бұл құжаттар аталған жүйенің жұмыс істеуінің негізгі сипаттамасын құрайды. Олардың мазмұны ведомствоаралық әрекет ету алгоритмдерін, Психологиялық қолдау орталықтарының (ПҚО), мектептердің, «ІІІ» байланыс орталығының қызметін қамтиды, сондай-ақ өңірлік балалар құқықтары жөніндегі уәкілдердің өкілеттіктерін реттейді. Алайда, институционалдық прогресске қарамастан, ережелердің нақты іске асуы бөлшектенген күйінде қалуда.

Қазіргі қолданыстағы бұйрықтар мен әдістемелерді, соның ішінде 2023 жылғы желтоқсандағы №742/515/531-КК/386/917 бірлескен ведомствоаралық бұйрығы, 21.12.2022 жылғы №П 506 БФБ бұйрығы және ҚР ӘҚБТК-нің 127-2 бабындағы нормаларды кешенді талдау көрсеткендей:

- үйлестірушілер мен ведомствоаралық өзара іс-қимыл тетіктерін анықтауда келісімнің болмауы;
- нормативтік құжаттар өзгерген заңнамамен сәйкестендірілмеген;
- әрекеттер формалды сипатта, қажетті ресурстық қамтамасыз ету қарастырылмаған, әсіресе өңірлік балалар құқықтары бойынша уәкілетті органдар (ӨБҚУО), педагог-психологтар және ПҚО деңгейінде;
- ведомстволар арасында жауапкершілікті бірінен-біріне жүктеу.

Іс жүзінде аталған факторлар орындаушылардың мотивациясын төмендетеді, зорлық-зомбылық жағдайларын ерте анықтауды қиындатады және зардап шеккен балаларға, әсіресе осал топтардағы және шалғай аймақтардағы қауымдастықтарда, салдарын күшейтеді.

Осы құжат (policy brief) Кешенді жоспар шараларын іске асырудың тиімділігін кешенді талдау және бағалау негізінде дайындалған практикалық ұсынымдарды, сондай-ақ 2023 жылғы желтоқсандағы № 742/515/531-КК/386/917 ведомствоаралық бұйрықты, БФМ-нің 21.12.2022 № 506 бұйрығын және ҚР ӘҚБТК-нің 127-2-бабының нормаларын қоса алғанда, қолданыстағы бұйрықтар мен әдістемелерді әзірлеу мақсатында дайындалды.

Policy brief жолданады:

- шешім қабылдайтын және Кешенді жоспарды іске асыруға жетекшілік ететін, оны тиімді іске асыру үшін нормативтік қайшылықтарды жоюға қабілетті мемлекеттік құрылымдарға (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті және басқа мемлекеттік органдар);
- Кешенді жоспарды іске асыру шеңберінде нормативтік құжаттарды құқықтық қолдануға жауапты мемлекеттік құрылымдарға және органдарға (жергілікті атқарушы органдарға, ПҚО және мектептермен кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі полиция арқылы өзара іс-қимыл жасайтын тараптардың бірі ретінде, ҚР Ішкі істер министрлігіне, сондай-ақ ПҚО мен жалпы білім беретін ұйымдар, олардың зорлық-зомбылыққа, буллинг пен кибербуллингке әрекет ету процесіне тартылған қызметкерлері);

Құжат нормативтік қарама-қайшылықтарды жою, үйлестірушілердің қызметін нақтылау, ведомствоаралық байланысты нығайту және балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау жүйесінің тұрақты ресурстармен қамтамасыз етуге бағытталған нақты ұсыныстарды қамтиды.

1. Нормативтік қарама-қайшылықтарды жою арқылы Кешенді жоспардың тиімді жүзеге асырылуына ықпал ететін шешімді қабылдайтын және оның орындалуын қадағалайтын мемлекеттік құрылымдарға арналған ұсыныстар

1.1 Негізгі нормативтік актілер арасындағы қарамақайшылықтарды жою және терминологиялық бірізділікті қамтамасыз ету мақсатында:

1.1.1. «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы мен «Зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге (буллингке), кибербуллингке ұшыраған немесе оған куә болған кәмелетке толмағандарды ерте анықтау және оларға көмек көрсету әдістемесін бекіту» туралы ведомствоаралық бұйрықтың (бұдан әрі – Әдістеме) ережелерін бір құжатқа біріктіру. Яғни, алдын алу, анықтау, әрекет ету және көмек көрсету тетіктері кешенді әрі бірізді түрде қарастырылуы тиіс;

1.1.2. Білім беру ұйымындағы балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі үйлестірушінің жұмысын нақтылап бекіту, үйлестірушінің негізгі рөлін педагогқа немесе психологқа емес, директордың тәрбие жөніндегі орынбасарына бекіту (бұл соңғыларының функционалдығына қайшы келеді);

1.1.3 Әрбір білім беру ұйымының зорлық-зомбылықтың барлық түрлерін, соның ішінде буллингтің алдын алу, хабарлау және тергеп-тексеру тәртібін реттейтін ішкі құжаттары мен рәсімдерді әзірлеу міндеттеріне толықтырулар енгізу;

1.1.4 «Зорлық-зомбылық» ұғымына және оның түрлеріне нақты анықтама беру, әрбір түрімен, соның ішінде мұғалім тарапынан болатын зорлық-зомбылық жағдайларына да қатысты жұмыс істеу бойынша алгоритмдерді әзірлеу;

1.1.5 Екі құжатты да Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 127-2-бабын (2024 ж.), яғни буллингті қылмыстық құқықбұзушылық ретінде тануды ескере отырып, сондай-ақ «зорлық-зомбылық» ұғымының анықтамасын және оның әртүрлі түрлеріне, соның ішінде мұғалім тарапынан болатын зорлық-зомбылыққа әрекет ету тетіктерін енгізу арқылы жаңарту.

1.2. Зорлық-зомбылық пен буллинг жағдайларына әрекет етудің нормативтік базасы мен ведомствоаралық тетіктерін кешенді түрде күшейту мақсатында:

1.2.1. Барлық мүдделі органдарды хабардар етуге, ішкі чаттар/әрекет ету жүйелерін басқаруға, статистикалық деректерді жинақтау мен өңдеуге жауапты болатын ведомствоаралық өзара іс-қимылдың бірыңғай үйлестіруші органын (мысалы, ҚОҚБ немесе «Өркен») айқындау;

1.2.2. Барлық уәкілетті органдарды үйлестіру және хабардар ету функциясын ІІІ байланыс орталығының құзыреті ретінде Әдістемеде бекіту;

1.2.3. Әдістемеде мобильді топтың (26-тармақ) құрамын, есептілігін және өкілеттіктерін нақты әрі егжей-тегжейлі айқындау.

1.2.4. Әдістемені зорлық-зомбылыққа, буллингке және кибербуллингке ұшыраған баламен әңгіме жүргізуге құқығы бар тұлғаға қойылатын біліктілік талаптарымен, сондай-ақ білім беру ұйымының басшылығы уәкілеттік берген қызметкерлерге мұндай әңгімелерді жүргізу үшін тұрақты түрде тренингтер өткізу талабымен толықтыру (35-тармақ).

1.2.5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 «Педагогикалық этика мәселелері туралы» бұйрығына және Әрекет ету әдістемесіне өзгерістер енгізіп, Педагогикалық этика кеңесінің құрамына қадағалау органы (прокуратура) өкілін, сондай-ақ білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің өкілін енгізуді міндеттеу;

1.2.6. Балаға қорлық (буллинг) жасалған жағдайда оның заңды өкілі немесе баланың өзі ішкі істер органдарына жүгінсе, ІІО қызметкерлері негіз болған кезде (19-тармақ) ӘҚБтК-нің 127-1-бабы (Қорлық) бойынша әкімшілік іс қозғауға міндетті деген Әдістемеге толықтыру енгізу;

1.2.7. ПҚО қызметкерлері мен педагог-психологтарға арналған стандартты әдістемелер жиынтығымен қамтылып, жұмыс тиімділігін арттыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әртүрлі өңірлеріндегі балалардың психологиялық денсаулығына қатысты салыстырмалы деректерді алуға мүмкіндік беретін бірыңғай цифрлық платформаны енгізу.

1.3 Қайта бағыттау және келісу тетіктерін регламенттеу мақсатында:

1.3.1. Балаларды мектептен ПҚО-ға қайта бағыттау алгоритмдерін біріздендіру;

1.3.2. Бірлескен біріктірілген алгоритмді зорлық-зомбылық, қорлық (буллинг) фактілері туралы хабарлаудың ықтимал тәсілдерімен, сондай-ақ ауызша жауапты тұлғаға немесе білім беру ұйымындағы педагогке хабарлама жөшігі арқылы, сайт, электрондық пошта немесе білім беру ұйымының чат-боты және т.б. арқылы алынған деректердің құпиялылығы және оларды белгілеу тәсілдері туралы міндетті түрде көрсете отырып толықтыру;

1.3.3. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл алгоритмінде осы өзара іс-қимылға қатыстырылған барлық субъектілердің әрекеттерін үйлестіруге және бақылауға жауапты уәкілетті мемлекеттік органды нақты айқындау;

1.3.4. Ата-аналардың психологиялық қолдау көрсетуге келісім беру талаптарын нақтылау. ПҚО үшін кейбір жағдайларда (мысалы, суицид қаупі болған кезде) ата-аналардың келісімінсіз жүгіну мүмкіндігін енгізу; ал МП үшін келісім беру тәртібін заңнама талаптарын сақтай отырып, жеңілдету және қолайлы ету;

1.3.5. Әдістемеге әрбір факт жүгінген адамды және зардап шеккен баланың заңды өкілдерін хабардар ете отырып тіркелуі тиіс деген тармақты қосу (18-тармақ).

1.4 Баланың құқықтарын сақтай отырып, айқындылықты арттыру мақсатында

1.4.1. БАҚ-қа буллинг және зорлық-зомбылық фактілері туралы жариялау талабын алып тастау немесе қатаң шектеу, өйткені бұл зардап шеккендерге қайталама психологиялық жарақат келтіруі және олардың құқықтарын бұзуы мүмкін;

1.4.2. Кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылық, буллинг және кибербуллинг фактілеріне жедел әрекет ету Алгоритмін екі түрлі алгоритмге бөлу: 1) балаға қатысты отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық фактісі бойынша; және 2) балаға отбасы мүшелеріне кірмейтін тұлғалар тарапынан үйден тыс жасалған буллинг, кибербуллинг және зорлық-зомбылық фактілері бойынша. Сондай-ақ, басқа да зорлық-зомбылық түрлеріне әрекет ету алгоритмімен толықтыру.

1.5 Мамандарды құқықтық және институционалдық қорғауды күшейту үшін

1.5.1. Статистиканы жинау мен талдауға, тапшылықты мониторингтеуге, тәжірибемен өңіраралық алмасуды үйлестіруге, оқыту іс-шараларын жүргізуге және бірыңғай әдістемелік база құруға жауап беретін МП тарта отырып, ПҚО-ны дамыту жөніндегі республикалық үйлестіру орталығы құрылсын. Немесе үйлестіру функциясын БҚҚК немесе «Өркенге» жүктеу;

1.5.2. Нормативтік актілерге (атап айтқанда, «Психологиялық көмек туралы» заң жобасына, Әрекет ету әдістемесіне және Мектептегі психологиялық қызмет туралы бұйрыққа) баланың өтініші бойынша (дағдарыстық жағдайда) алдын ала заңды өкілдерінің келісімінсіз жедел психологиялық көмек көрсетуге (5 сессияға дейін) мүмкіндік беретін норманы енгізу;

1.5.4. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп, нормативтік құжаттарға:

- ПҚО және МП қызметкерлерінің рұқсат етілген жүктемесі мен функциялары туралы;
- мектеп психологтарын өздеріне тән емес қызмет түрлеріне (кезекшілікке, үйірме жүргізуге, мұғалімдерді алмастыруға және т.б.) тартуға тыйым салу туралы;
- мамандарды қысымнан және күйзеліске ұшыраудан қорғау тетіктері туралы (тұрақты супервизиялар, анонимді жүгінулер).

1.6 Психологиялық қолдау орталықтарының жұмысын стандарттау үшін

1.6.1 ПҚО және мектеп психологтарының лауазымдық міндеттері мен әкімшілік жүктемесіне аудит жүргізу. Мектеп психологтарының лауазымдық міндеттері туралы бұйрыққа өзгерістер енгізу;

1.6.2 Қызметтердің қайталануын жою, сондай-ақ міндеттердің көлемін (мектеп психологтарымен салыстырғанда), регламенттелмеген жұмыс уақытын және дағдарыстық жағдайларда жұмысты ескере отырып, еңбекақы төлеу жүйесін қайта қарастыру;

1.6.3 ПҚО қызметінің бірыңғай стандартын бекіту, оған мыналарды енгізе отырып:

- көмек көрсету критерийлері (анонимділік, құпиялық);
- өтініштерді есепке алу стандарттары (жеке, онлайн, топтық көмек);
- мектеп психологтары, мектептер, қорғаншылық органдары, полиция және денсаулық сақтау саласымен өзара әрекеттесу алгоритмдері;
- кеңесшілер мен дағдарыс психологтарына қойылатын біліктілік талаптары;
- сенім телефондарының жұмыс тәртібі (жеке нөмірлерді пайдалануды алып тастау).

1.7 Білім беру жүйесі мен практикалық қажеттіліктер арасындағы байланысты қамтамасыз ету мақсатында

1.7.1 Психолог маманының моделін әзірлеу, соның негізінде мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындары оқу бағдарламасының мазмұнын қайта қарап, практикалық компонентті күшейтуге, практикаға бағытталған модульдерді енгізуге, оқу процесінде міндетті супервизияны қамтамасыз етуге, ПҚО үшін жеке кәсіби бейін бойынша мамандар даярлауға бағытталуы тиіс;

1.7.2 Біліктілікті арттырудың мемлекеттік бағдарламаларының (Өрлеу, Өркен) сапасына тәуелсіз бағалау жүргізу және баламалы курстардың сертификаттарын есепке алу мүмкіндігін енгізу;

1.7.2 Біліктілікті арттырудың мемлекеттік бағдарламаларының (Өрлеу, Өркен) сапасына тәуелсіз бағалау жүргізу және баламалы курстардың сертификаттарын есепке алу мүмкіндігін енгізу;

1.7.3 Кешенді жоспардың негізгі тақырыптары бойынша (буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылық, суицидтік мінез-құлық) практикаға бағытталған мазмұнды модульдік оқыту бағдарламаларын енгізу;

1.7.4 Қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаны және жұмыс алгоритмдерін (бұйрықтар, әдістемелер, қайта бағыттау сызбалары) қолдану бойынша тұрақты түрде оқыту ұйымдастыру.

1.8 Материалдық-техникалық базаны жақсарту мақсатында

1.8.1 Барлық ПҚО-ны тиісті үй-жайлармен және негізгі жабдықтармен қамтамасыз ету (оның ішінде телефон байланысы, қауіпсіз кеңістіктер, бетпе-бет және қашықтан қабылдауға арналған кабинеттер);

1.8.2 Халықтың аумақтық қолжетімділігі мен әлеуметтік осалдық қағидаттарын ескере отырып, аз қоныстанған және шалғай елді мекендерде филиалдар желісін кеңейту.

Бұл ұсынымдар Кешенді жоспарды іске асырудағы жүйелі және нормативтік кедергілерді жоюға және балаларды қорғау тетіктерінің тұрақтылығын арттыруға бағытталған.

2. Кешенді жоспарды іске асыру шеңберінде нормативтік құжаттарды құқықтық қолдануға жауапты мемлекеттік құрылымдар мен органдарға ұсыныстар

2.1 Буллинг бойынша іс қозғау кезінде құқықтық айқындылықты сақтау қажеттілігін ескере отырып:

2.1.1 Баладан, заңды өкілінен, мектептен немесе өзге де көздерден арыз түскен жағдайда ҚР ӘҚБТК-нің 127-2-бабын (буллинг пен кибербуллинг үшін жауапкершілік) жүйелі түрде қолдануды қамтамасыз ету;

2.1.2 ІІМ аумақтық бөлімшелер деңгейінде КӘЖН (Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлар) және учаскелік инспекторлар үшін оқыту ұйымдастырып, оқиғаны бастапқы біліктендіру бойынша ішкі нұсқаулықтар әзірлеуді қамтамасыз ету.

2.2 Мектеп, ПҚО және ІІБ арасындағы өзара әрекеттесуді дұрыс қамтамасыз ету үшін:

2.2.1 Білім беру ұйымдары, ПҚО және КӘЖН арасында, оның ішінде цифрлық платформа арқылы ақпарат алмасудың жұмыс хаттамаларын жолға қою;

2.2.2 Әр тараптан жауапты байланыс тұлғаларын айқындау;

2.2.3 Хабарлама форматтары мен мерзімдерін, оның ішінде кезекші бөлім желісі бойынша әзірлеу.

2.3 ПҚО мамандары мен педагог-психологтардың тиімді жұмысын қамтамасыз ету мақсатында:

2.3.1 Психологтардың міндеттерін нақты шектеу және оларды бейінді емес функцияларға тартпау;

2.3.2 ПҚО мамандарының және педагог-психологтардың мамандануы бойынша біліктілігін жүйелі түрде арттыруды ұйымдастыру;

2.3.3 Аймақтық және ұлттық деңгейде, онлайн форматтарды қолдану мүмкіндігімен, тұрақты супервизиялар мен интервизияларды енгізу;

2.3.4 Үйлестіру орталығы арқылы ұсынылатын оқыту бағдарламаларының бірыңғай тізбесін әзірлеу және енгізу;

2.3.5 ПҚО қызметкерлері үшін мектеп психологтарына ұқсас кәсіби дамуға арналған міндетті әдістемелік күнді белгілеу;

2.3.6 ПҚО қызметкерлері мен педагог-психологтардың қолданыстағы бұйрықтар мен Кешенді жоспарға енгізілген әдістемелерді, сондай-ақ нормативтік-құқықтық құжаттаманы білуін қамтамасыз ету мақсатында міндетті түсіндіру сессияларын өткізу және материалдарға онлайн қолжетімділікті қамтамасыз ету;

2.3.7 Мектеп психологтарын цифрлық құралдарды пайдалану және олардың құқықтық аспектілері (құпиялылық, деректерді сақтау және т.б.) бойынша оқыту;

2.3.8 Бала немесе ата-ана мектептен жолдама алмай, көмек алу жағдайларын қамтамасыз ету, әсіресе мектеп проблема көзі болуы мүмкін жағдайларда (мысалы, мұғалім тарапынан буллинг немесе оқиғаны жасыру);

2.3.9 Жекеменшік мектептердің мемлекеттік бастамаларға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету: оларды курстарға, ақпараттық таралымдарға, платформалар мен кәсіби қауымдастықтарға қосу.

2.4 Ақпараттық-ағарту жұмысы және көмек көрсетушілердің қызметтеріне сенімділікті арттыру мақсатында

2.4.1 Тұрақты дәрістер, психологиялық мектептер және өзге де жұмыс нысандары (мысалы, ата-аналар топтары) арқылы ата-аналар арасында ақпараттық-ағартушылық қызметті кеңейту;

2.4.2 ПҚО танымалдылығын әлеуметтік желілер, офлайн-акциялар (мысалы, «психологиялық фестивальдер»), ата-аналар комитеттерімен серіктестік арқылы арттыру;

2.4.3 Коммуникациялық материалдардың (инфографика, бейнероликтер, парақшалар) үлгілерін әзірлеп, оларды үйлестіру орталығы арқылы қолжетімді ету;

2.4.4 ПҚО-ның ҰЕҰ және өңірлік балалар омбудсмендерімен ынтымақтастығын кеңейту;

2.4.5 Қарсылық, сенімнің жеткіліксіздігі және психологиялық көмек туралы хабардың төмендігі жағдайларында қарым-қатынасты қоса алғанда, ата-аналармен жұмыс бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Бұл ұсынымдар құқықтық қолдану тәжірибесін жақсартуға, Кешенді жоспарды іске асыру сапасын арттыруға, ведомствоаралық өзара іс-қимылды дамытуға және мамандарды қорғауға бағытталған.

3. Кешенді жоспарды іске асыру шеңберінде мониторинг, адвокация және балалармен жұмыс жүргізетін тәуелсіз ұйымдарға арналған ұсынымдар

3.1 Аймақтық және әлеуметтік теңсіздікті ескере отырып, Кешенді жоспардың орындалуын мониторингтеу мақсатында

3.1.1 Кешенді жоспар шараларының орындалуын аймақтық деңгейде тұрақты түрде мониторингтеуді жалғастыру (ПҚО-ның қолжетімділігі, мектеп психологтарының жұмысы, буллингке әрекет ету);

3.1.2 ПҚО мен және педагог-психологтар практикаларының әділеттілік, аумақтық қолжетімділік қағидаттарына сәйкестігі және ресімдеуге жол бермеу туралы жария есепті қалыптастыра отырып, мониторингке бастамашылық жасау.

3.2 Мемлекет тарапынан міндеттемелердің орындалуын бақылау мақсатында

3.2.1 Мемлекеттік органдардың міндеттемелерді орындауын тәуелсіз бағалауды жүргізу;

3.2.2 Заңнамалық және заңға тәуелді актілерге өзгерістер енгізу жөніндегі ұсынымдардың қаншалықты жүзеге асырылғанын қадағалау.

3.3 Қоғамдық мүдделерді ілгерілету мақсатында

3.3.1 Кешенді жоспарды іске асыру аясында әзірленген заңнамалық актілердегі нормативтік қайшылықтарды жою бойынша адвокациялық жұмыс жүргізу;

3.3.2 Мектеп психологтары мен ПҚО қызметкерлерін шамадан тыс жүктемеден және оларға тән емес функцияларға тартудан қорғау мәселесін жария түрде көтеру;

3.3.3 Салалық кеңестер мен бейіндік министрліктердің алаңдарында талқылау бастамасын көтеру және супервизия мен кәсіби қолдау тетіктерін құқықтық тұрғыда бекітуге қол жеткізу;

3.3.4 Жасөспірімдер мен отбасылар арасында сауалнамалар, фокус-топтар және сұхбаттар өткізіп, ПҚО-ға, мектептік қызметтерге, полицияға деген сенімнің шынайы деңгейін анықтау;

3.4 Буллинг, зорлық-зомбылық және білім беру жүйесінің рөлі мәселелері бойынша қоғамдық пікірталасты кеңейту

3.4.1 Балалардың және мамандардың пікірлері мен түсініктемелеріне, нақты фактілерге негізделген медиаматериалдар әзірлеу бастамасын көтеру;

3.4.2 Жеке жағдайларды ғана емес, сондай-ақ жүйелі мәселелерді (мысалы, психологтың мектеп директорының тәуелділігі, көмек көрсетудің тәуелсіз бағытының болмауы және т.б.) талдау үшін медиалық және сараптамалық алаңдарды пайдалану;

3.4.3 Балалардың қауіпсіздігі мәселелерінің сайланбалы органдардың, ата-аналар қауымдастықтарының және мектеп қауымдастықтарының күн тәртібіне енгізілуіне ықпал ету.

Бұл ұсынымдар азаматтық қоғамның саясатты іске асырудағы рөлін күшейтуге, балаларды қорғау тетіктерін ашық, есеп беретін және бейресми етуге бағытталған.

Дереккөздер тізімі

1. Балаларға зорлық-зомбылық көрсетілуін тоқтатайық. UNICEF бағдарламасы. URL: <https://www.unicef.org/kazakhstan/%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%B8%D0%BC%D0%BD%D0%B0%D1%81%D0%B8%D0%BB%D0%B8%D0%B5%D0%B2%D0%BE%D1%82%D0%BD%D0%BE%D1%88%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B8%D0%B4%D0%B5%D1%82%D0%B5%D0%B9>
2. Аналитикалық ақпарат 2024. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat/documents/details/-621766?lang=ru>
3. Соңғы бір жылда жасөспірімдер арасындағы өз-өзіне қол жұмсау шамамен үштен бірге көбейді. Ranking шолуы. – URL: <https://ranking.kz/reviews/socium/za-posledniy-god-kolichestvo-samoubiystv-sredi-podrostkov-vyroslo-pochti-na-tret.html>